

**Электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын, сондай-ақ электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның өнімін электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізіліміне енгізу өлшемшарттарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2018 жылғы 28 наурыздағы № 53/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 12 сәуірде № 16750 болып тіркелді.

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 02.07.2019 № 147/НҚ (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-6-бабының 7) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жана редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 14.09.2020 № 334/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидалары, сондай-ақ электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның өнімін электрондық өнеркәсіп пен бағдарламалық қамтылымның сенім білдірілген өнімінің тізіліміне енгізу өлшемшарттары бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 02.07.2019 № 147/НҚ (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Қорғаныс және аэроғарыш  
өнеркәсібі министрі*

*Б. Атамқұлов*

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар  
және аэроғарыш өнеркәсібі  
министрі  
2024 жылғы 20 желтоқсандағы  
№ 829/НҚ Бұйрыққа  
қосымша

**Сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімінің тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидалары, сондай-ақ бағдарламалық қамтылым және электрондық өнеркәсіп өнімін сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімінің тізіліміне енгізу өлшемшарттары**

**Ескерту. Өлшемшарттар жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 20.12.2024 № 829/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы сенім білдірілген бағдарламалық қамтылым мен электрондық өнеркәсіп өнімдерінің тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидалары, сондай-ақ сенім білдірілген бағдарламалық қамтылым мен электрондық өнеркәсіп өнімдерінің тізіліміне бағдарламалық қамтылым және электрондық өнеркәсіп өнімдерін енгізу жөніндегі өлшемшарттар (бұдан әрі – Қағидалар) "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 7-6-бабының 7) тармақшасына сәйкес әзірленді және сенім білдірілген бағдарламалық қамтылым мен электрондық өнеркәсіп өнімдерінің тізілімін

қалыптастыру, жүргізу тәртібін, сондай-ақ бағдарламалық қамтылымды және электрондық өнеркәсіп өнімдерін сенім білдірілген бағдарламалық қамтылым мен электрондық өнеркәсіп өнімдерінің тізіліміне енгізу жөніндегі өлшемшарттарды айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) интернет-ресурс – бірегей желілік мекенжайы және (немесе) домендік аты бар және интернетте жұмыс істейтін аппараттық-бағдарламалық кешенде орналастырылған (мәтіндік, графикалық, аудиовизуалды немесе өзге де түрдегі) ақпарат;

2) квазимемлекеттік сектор субъектілері-мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде құрылтайшысы, қатысушысы немесе акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын еншілес, тәуелді және өзге де заңды тұлғалар;

3) комиссия – өтінім берушілердің бағдарламалық қамтылым және электрондық өнеркәсіп өнімін сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімінің тізіліміне (нен) енгізу (алып тастау) туралы, сондай-ақ сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімінің тізілімінде қамтылған мәліметтерге өзгерістер (толықтырулар) енгізу туралы өтінімдерін қарау кезіндегі ұсыныстар әзірлеу бойынша консультативтік-кеңесші орган ;

4) қызмет алушы – Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдарын, шетелдік мекемелерін, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарын, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін, квазимемлекеттік сектор субъектілерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында электрондық өнеркәсіп өнімдерін немесе бағдарламалық қамтылымды өндіретін жеке және заңды тұлғалар;

5) сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімінің тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімінің елдің қорғанысын және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсаттары үшін құрылған тізбесі;

б) тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы (бұдан әрі - ТЖҚ БНА) - сатып алу процестерін жоспарлау, есепке алу және талдау үшін Қазақстан Республикасының барлық реттеліп сатып алуларында қолданылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сыныптауышы;

7) электрондық өнеркәсіп саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – электрондық өнеркәсіп саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

8) "электрондық үкімет" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосылуға техникалық шарттар беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге және электрондық нысанда көрсетілетін квазимемлекеттік сектор субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болып табылатын ақпараттық жүйе;

9) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦК) - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

3. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 135 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13349 болып тіркелген) бекітілген ақпараттандыру объектілерін сыныптау қағидаларына сәйкес тізілімге енгізу түрі және мақсаты бойынша жіктеледі (бұдан әрі – сыныптау қағидалары).

## **2-тарау. Сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімінің тізілімін қалыптастыру және жүргізу тәртібі**

4. Тізілімді қалыптастыру "бағдарламалық қамтылымды және электрондық өнеркәсіп өнімін сенім білдірілген бағдарламалық қамтылым және электрондық өнеркәсіп өнімінің Тізіліміне (нен) енгізу (алып тастау), сондай-ақ олар туралы мәліметтерге өзгерістер (толықтырулар) енгізу" мемлекеттік қызметін көрсету арқылы жүзеге асырылады (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет).

5. Бағдарламалық қамтылым, егер ол мынадай өлшемшарттарға сәйкес келсе, Тізілімге енгізілуге тиіс:

1) бағдарламалық қамтылымның ақпараттық қауіпсіздіктің белгіленген талаптарына сәйкестігі;

2) бағдарламалық қамтылымға айрықша мүліктік құқықтар көрсетілетін қызметті алушыға тиесілі, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында және айрықша құқықтың қолданылу мерзіміне қолданылады;

3) оқшаулау үлесінің кемінде 80% көрсетілген индустриялық сертификаттың болуы ;

4) бағдарламалық қамтылымды Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан техникалық қолдау қызметімен қамтамасыз ету;

5) Бағдарламалық қамтылымның мәлімделген функционалдық және пайдалану сипаттамаларына сәйкестігі;

6) бағдарламалық қамтылымның ТЖҚ БНА мәлімделген кодтарына және сыныптау қағидаларының санаттарына сәйкестігі;

7) мәлімделген бағдарламалық қамтылым дербес болып табылады.

Егер Тізілімге енгізуге өтінім берілген бағдарламалық қамтылым дербес бағдарлама болып табылмаған жағдайда, оны Тізілімге енгізуге өтінім берушінің жұмыс істеуі үшін қажетті бағдарламалық қамтылым Тізілімде болған жағдайда жол беріледі.

6. Электрондық өнеркәсіп өнім, егер ол мынадай өлшемшарттарға сәйкес келсе, Тізілімге енгізілуге тиіс:

1) электрондық өнеркәсіп өнімінің құрамына кіретін бағдарламалық қамтылымның ақпараттық қауіпсіздіктің белгіленген талаптарына сәйкестігі не бағдарламалық қамтылымды сынауды жүргізу мүмкін еместігі туралы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органнан шешімнің болуы.

2) электрондық өнеркәсіп өнімінің құрамына кіретін бағдарламалық қамтылымға құқықтың бүкіл қолданылу мерзіміне пайдалану құқығының болуы;

3) электрондық өнеркәсіп өнімін Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан сервистік орталықпен қамтамасыз ету;

4) оқшаулау үлесінің кемінде 30% көрсетілген индустриялық сертификаттың болуы ;

5) электрондық өнеркәсіп өнімінің мәлімделген техникалық және пайдалану сипаттамаларына сәйкестігі;

6) электрондық өнеркәсіп өнімінің мәлімделген санатқа және ТЖҚ БНА кодына және сыныптау қағидаларының санаттарына сәйкестігі.

7. Тізілімді жүргізу осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жүзеге асырылады.

8. Тізілім, сондай-ақ тізілімге өзгерістер мен толықтырулар электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесінің операторына 14 (он төрт) жұмыс күні ішінде жіберіледі және тиісті шешім қабылданғаннан кейін 14 (он төрт) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің ресми интернет-ресурсында жариялануға тиіс.

9. Өтініш беруші осы Қағидалардың 5 және 6-тармақтарында, сондай-ақ 2-қосымшада көзделген құжаттардың қолданылу мерзімдері аяқталатын күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей уәкілетті органға құжаттардың өзектендірілген нұсқаларын ұсына отырып, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сенім білдірілген бағдарламалық қамтылым мен электрондық өнеркәсіп өнімдерінің тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы өтініш береді.

Тізілімде қамтылған мәліметтердің өзектілігін тексеру мақсатында уәкілетті орган Тізілімде қамтылған мәліметтердің, құжаттардың дұрыстығына мониторинг жүргізеді.

10. Уәкілетті орган Тізілімнің мониторингі шеңберінде дұрыс емес мәліметтерді, дұрыс емес құжаттарды, қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсыну және (немесе) осы Қағидаларда белгіленген бағдарламалық қамтылымды және электрондық өнеркәсіп өнімін Тізілімге енгізу жөніндегі өлшемшарттарға сәйкестігін жоғалту фактілерін анықтаған кезде уәкілетті орган бағдарламалық қамтылымды немесе электрондық өнеркәсіп өнімін Тізілімнен шығаруды жүзеге асырады.

11. Бағдарламалық қамтылым және электрондық өнеркәсіп өнімін сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімінің тізіліміне (нен) енгізу (алып тастау) туралы, сондай-ақ сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімінің тізілімінде қамтылған мәліметтерге өзгерістер (толықтырулар) енгізу туралы шешімдерді қабылдауды уәкілетті орган Комиссияның осы Қағидалардың 5 тармағының және 6 тармағының өлшемшарттарына сәйкестігі туралы ұсынымдарын ескере отырып жүзеге асырады.

Комиссияны қалыптастыру және оның жұмыс істеу тәртібі уәкілетті орган бекітетін Ережемен айқындалады.

### **3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

12. "Бағдарламалық қамтылым және электрондық өнеркәсіп өнімін сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімінің тізіліміне (нен) енгізу (алып тастау) туралы, сондай-ақ сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімінің тізілімінде қамтылған мәліметтерге өзгерістер (толықтырулар) енгізу туралы" мемлекеттік қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) көрсетілетін қызметті беруші көрсетеді.

13. Уәкілетті орган көрсетілетін қызметті беруші болып табылады.

14. Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағидаларға 2-қосымшада келтірілген.

15. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидалардың 3, 4, 5-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша мемлекеттік қызметті алуға арналған өтініш (бұдан әрі – өтініш) Тізбеде айқындалған құжаттарды қоса бере отырып [www.egov.kz](http://www.egov.kz) немесе [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) "электрондық үкімет" веб-порталдары арқылы жібереді (бұдан әрі – портал).

16. Құжаттарды портал арқылы берген кезде "жеке кабинетке" мемлекеттік қызметті алу үшін өтініштің қабылданғаны туралы хабарлама мәртебесі жіберіледі.

17. Құжаттарды қабылдауға жауапты көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесі өтініш пен құжаттар келіп түскеннен кейін 3 (үш) күн ішінде оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек

кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және тіркеу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады) және жауапты құрылымдық бөлімшеге орындауға береді.

18. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

19. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидалардың 2-қосымшасында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

20. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті беруші оны бағдарламалық қамтылымды және электрондық өнеркәсіп өнімінің Тізіліміне (нен) енгізу (алып тастау) туралы не тізілімде қамтылған мәліметтерге өзгерістер (толықтырулар) енгізу туралы ұсынымдар беру үшін Комиссияның қарауына жібереді.

21. Бағдарламалық қамтылымды және электрондық өнеркәсіп өнімдерін Тізілімге енгізу, сондай-ақ Тізілімдегі мәліметтерге өзгерістер (толықтырулар) енгізу өлшемшарттарына сәйкестікті қызмет көрсетуші қызмет алушы ұсынған құжаттарды зерттеу арқылы, осы Қағидалардың 5 және 6-тармағында көрсетілген өлшемшарттар бойынша комиссияның ұсыныстарын ескере отырып анықтайды.

Осы Қағидаларда белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келмейтін өтініштерді көрсетілетін қызметті беруші қабылдамауға тиіс.

22. Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың ережелерін нақтылау қажет болған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны тыңдауға бастамашылық жасай алады.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 2 жұмыс күні бұрын жіберіледі.

23. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушыға 6, 7, 8, 9 -қосымшаларға сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оның орынбасарының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат түрінде "жеке кабинетке" порталға жіберіледі.

24. Құжаттарды қараудың және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін берудің жалпы мерзімі Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар топтамасын қабылдаған және тіркеген күннен бастап 14 жұмыс күнін құрайды.

25. Бағдарламалық қамтылым немесе электрондық өнеркәсіп өнімдері туралы ақпарат мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері бойынша Тізілімге енгізіледі.

26. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы Мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне деректерді енгізуді қамтамасыз етеді (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген).

27. Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, Бірыңғай байланыс орталығына осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты 3 (үш) жұмыс күні ішінде жібереді.

#### **4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) лауазымды адамдардың шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

28. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

29. Шағым көрсетілетін қызметті берушіге, әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адамға беріледі.

30. Көрсетілетін қызметті беруші, шешімі, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам шағым түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

31. Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде қолайлы шешім қабылдаса, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

32. Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

33. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

34. Егер "Мемлекеттік қызметтер туралы" заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгіну сотқа дейінгі шағымданудан кейін мүмкін болады. Заңда жоғары тұрған органға шағымданбай-ақ сотқа жүгіну мүмкіндігі көзделген жағдайда, даулы болып табылатын әкімшілік орган, лауазымды тұлға, әкімшілік акт, әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) тиісті жауаппен бірге жоғары тұрған әкімшілік органның немесе лауазымды тұлғаның уәжді ұстанымын Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа ұсынады.

## 5-тарау. Өтпелі ережелер

35. Осы Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін, Тізілімге енгізілген бағдарламалық қамтылым мен электрондық өнеркәсіп өнімдері бойынша, көрсетілетін қызметті алушылар осы Қағидалар қолданысқа енгізілген күннен бастап 45 күнтізбелік күн ішінде сенім білдірілген бағдарламалық қамтылым және электрондық өнеркәсіп өнімдер Тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге бастамашылық жасау жолымен бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімінің осы Қағидаларда белгіленген өлшемдерге сәйкестігін растайтын мәліметтер мен құжаттар топтамасын өзектендіруді қамтамасыз етеді.

36. Егер көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидалардың 35-тармағында көрсетілген мерзім ішінде бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімінің осы Қағидаларда белгіленген өлшемшарттарға сәйкестігін растайтын мәліметтер мен құжаттарды өзектендіруді жүзеге асырмаса, онда бағдарламалық қамтылым мен электрондық өнеркәсіп өнімдері Тізілімге енгізу өлшемшарттарына сәйкестігін жоғалтты деп танылады.

### Қосымша 1

Сенім білдірілген  
бағдарламалық қамтылым мен  
электрондық өнеркәсіп  
өнімдерінің тізілімін  
қалыптастыру және жүргізу  
қағидаларына, сондай-ақ  
бағдарламалық қамтылым және  
электрондық өнеркәсіп  
өнімдерін сенім білдірілген  
бағдарламалық қамтылым мен  
электрондық өнеркәсіп  
өнімдерінің тізіліміне енгізу  
жөніндегі өлшемшарттарға

## Сенім білдірілген бағдарламалық қамтылым және электрондық өнеркәсіп өнімдерінің тізілімін жүргізу нысаны

	Бағдарламалық қамтамасыз етудің ( сондай-ақ жұмыс істеуі үшін қажетті бағдарламалық қамтылы	Информация о заявителе							
					Техникалық				

Тізілім жазбасының реттік нөмірі	Тізілім жазбасының қалыптасу күні	м), электрондық өнеркәсіп өнімдерінің (электрондық өнеркәсіп өнімінің құрамына кіретін бағдарламалық қамтылымды, маркасы мен моделін көрсете отырып) атауы	Өтініш берушінің ЖСН/БСН	Заңды тұлғаның ТАӘ/атауы	Өтініш берушінің байланыс деректері	колдау/сервис орталығының мекенжайы және байланыс деректері (жөндеу бойынша)	ТЖҚ БНА коды (кодтары)	Бағдарламалық жасақтама санатының коды (кодтары)	Ескерту
1	2	3	4				5	6	7

Қосымша 2

Сенім білдірілген

бағдарламалық қамтылым мен электрондық өнеркәсіп өнімдерінің тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларына, сондай-ақ бағдарламалық қамтылым және электрондық өнеркәсіп өнімдерін сенім білдірілген бағдарламалық қамтылым мен электрондық өнеркәсіп өнімдерінің тізіліміне енгізу жөніндегі өлшемшарттарға

**Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

1	Мемлекеттік қызметтің атауы	"Бағдарламалық қамтылымды және электрондық өнеркәсіп өнімін сенім білдірілген бағдарламалық қамтылым және электрондық өнеркәсіп өнімі тізіліміне (тізілімнен) қосу (алып тастау) немесе сенім білдірілген бағдарламалық қамтылым және электрондық өнеркәсіп өнімі тізілімінде қамтылған мәліметтерге өзгерістер (толықтырулар) енгізу"
---	-----------------------------	--

2	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
3	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі-портал) арқылы жүзеге асырылады: www. egov. kz, www. eli cens e. kz немесе көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	бағдарламалық қамтылымды/электрондық өнеркәсіп өнімін сенім білдірілген бағдарламалық қамтылым және электрондық өнеркәсіп өнімі тізіліміне енгізу туралы хабарлама беру кезінде-14 (он төрт) жұмыс күні;
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	электрондық (ішінара автоматтандырылған)
6	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	1.бағдарламалық қамтылымды/электрондық өнеркәсіп өнімін сенім білдірілген бағдарламалық қамтылым және электрондық өнеркәсіп өнімі тізіліміне енгізу туралы хабарлама; 2.бағдарламалық қамтылымды/электрондық өнеркәсіп өнімін сенім білдірілген бағдарламалық қамтылым және электрондық өнеркәсіп өнімі тізілімінен алып тастау туралы хабарлама; 3.сенім білдірілген бағдарламалық қамтылым және электрондық өнеркәсіп өнімдері тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы хабарлама; 4.Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
7	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі
		1)көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Жылдың демалыс және мереке күндерін

8	Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі	<p>қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13:00-ден 14:30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін;</p> <p>2)портал-жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
		<p>1) бағдарламалық қамтылымды/ электрондық өнеркәсіп өнімін сенім білдірілген бағдарламалық қамтылым және электрондық өнеркәсіп өнімі тізіліміне енгізу үшін Қағидалардың 5 немесе 6-тармағында белгіленген өлшемдерге бағдарламалық қамтылымның/ электрондық өнеркәсіп өнімінің сәйкестігін растайтын мынадай құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш беріледі:</p> <p>Бағдарламалық қамтылым үшін: ҚР СТ ISO/IEC 15408-3-2017 " Ақпараттық технологиялар. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Ақпараттық технологиялардың қауіпсіздігін бағалау өлшемшарттары. 3-бөлім. Қорғауды қамтамасыз етуге қойылатын талаптар" (бұдан әрі – ҚР СТ ISO/IEC 15408-3) сәйкес бағдарламалық қамтылым үшін 4-інші сенім деңгейінен төмен емес орындау немесе Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 3 маусымдағы № 111/НҚ б ұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18795 болып тіркелген) бекітілген " Электрондық үкіметтің"</p>

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

ақпараттандыру объектілеріне  
ж ә н е  
ақпараттық-коммуникациялық  
инфрақұрылымның аса маңызды  
объектілеріне жатқызылған  
ақпараттық жүйелерге олардың  
ақпараттық қауіпсіздік  
талаптарына сәйкестігіне  
сынақтар жүргізу әдістемесі мен  
қағидаларына сәйкес  
аккредиттелген сынау  
зертханалары берген ақпараттық  
қауіпсіздік талаптарына  
сәйкестігіне оң нәтижелері бар  
сынау хаттамаларының болуы (  
бұдан әрі – сынау хаттамалары);  
бағдарламалық қамтылымға  
айрықша мүліктік құқықтар  
көрсетілетін қызметті алушыға  
тиесілі, Қазақстан  
Республикасының бүкіл  
аумағында және айрықша  
құқықтардың қолданылу  
мерзіміне қолданылады;  
оқшаулау үлесін растайтын  
индустриялық сертификат кемінде  
80%;  
осы Қағидалардың 10-  
қосымшасына сәйкес нысан  
бойынша Қазақстан  
Республикасының аумағында  
техникалық қолдау қызметімен  
бағдарламалық қамтылымды  
қамтамасыз ету туралы  
мәліметтер.  
Электрондық өнеркәсіп өнімдері  
үшін:  
ҚР СТ ISO/IEC 15408-3 сәйкес  
бағдарламалық қамтылым үшін 4-  
інші сенім деңгейінен төмен емес  
орындау немесе сынау  
хаттамаларының болуы немесе  
ақпараттық қауіпсіздік  
саласындағы уәкілетті органнан  
бағдарламалық қамтылымды  
сынақтан өткізудің мүмкін  
еместігі туралы растаудың болуы;  
электрондық өнеркәсіп өнімін  
өндірушіде құқықтың бүкіл  
қолданылу мерзіміне электрондық  
өнеркәсіп өнімінің құрамында  
бағдарламалық қамтылымды  
пайдалану құқығының туындау  
негіздерін растайтын құжаттар;

		<p>осы Қағидалардың 10 қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының аумағында электрондық өнеркәсіп өнімін сервистік орталықпен қамтамасыз ету туралы мәліметтер;</p> <p>оқшаулау үлесін кемінде 30% растайтын индустриялық сертификат;</p> <p>осы Қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес нысан бойынша электрондық өнеркәсіп өнімінің техникалық және пайдалану сипаттамаларының сипаттамасын қамтитын құжат.</p> <p>2) сенім білдірілген бағдарламалық қамтылым мен электрондық өнеркәсіп өнімін тізілімнен шығару үшін көрсетілетін қызметті алушының бастамасы бойынша осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш беріледі.</p> <p>3) сенім білдірілген бағдарламалық қамтылым мен электрондық өнеркәсіп өнімдерінің тізіліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш беріледі.</p>
10	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1)көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p> <p>2)көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) бар болған жағдайда;</p> <p>3)"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет</p>

		<p>көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге ұсынылатын келісімінің болмауы; 4)көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p>
11	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін өзге де талаптар</p>	<p>1)көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың " жеке кабинеті", сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар. 2)көрсетілетін қызметті алушының электрондық-цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда мемлекеттік қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі болады. 3)мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Интернет-ресурсында көрсетілген moar@mdai.gov.kz. 4)мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында көрсетілген www.gov.kz "Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі" бөлімінде. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.</p>

бағдарламалық қамтылым мен  
электрондық өнеркәсіп  
өнімдерінің тізілімін  
қалыптастыру және жүргізу  
қағидаларына, сондай-ақ  
бағдарламалық қамтылым және  
электрондық өнеркәсіп  
өнімдерін сенім білдірілген  
бағдарламалық қамтылым мен  
электрондық өнеркәсіп  
өнімдерінің тізіліміне  
енгізу жөніндегі  
өлшемшарттарға

**Сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімдерінің тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы өтініш**

---

(енгізілетін тізілімдік жазбаның атауы және мазмұны өзгерістер және (немесе) толықтырулар)

\* Ескертпе: әрбір бағдарламалық қамтылым (электрондық өнеркәсіп өнімі) бойынша жеке өтініш беріледі \_\_\_\_\_

---

жаңа редакциядағы тізілім жазбасының атауы мен мазмұны:  
мәлімделген өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың себебі

---

байланыс телефон нөмірлері

Қосымша 4  
Сенім білдірілген  
бағдарламалық қамтылым мен  
электрондық өнеркәсіп  
өнімдерінің тізілімін  
қалыптастыру және жүргізу  
қағидаларына, сондай-ақ  
бағдарламалық қамтылым және  
электрондық өнеркәсіп  
өнімдерін сенім білдірілген  
бағдарламалық қамтылым мен  
электрондық өнеркәсіп  
өнімдерінің тізіліміне енгізу  
жөніндегі өлшемшарттарға

Жеке кәсіпкердің деректемелері/  
заңды тұлғаның  
(мекен-жайы, жеке сәйкестендіру нөмірі  
немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі,  
телефон, электрондық пошта)

Басшысына  
(Мемлекеттік органның атауы)

Өтініш нөмірі: (нөмірі)

Өтініш күні: (күні)

**Өтініш бағдарламалық қамтылымды немесе электрондық өнеркәсіп өнімдерін сенім білдірілген бағдарламалық қамтылым және электрондық өнеркәсіп өнімдері тізіліміне енгізу туралы**

1.

\_\_\_\_\_ (компанияның атауы)

2. байланыс телефон нөмірі: \_\_\_\_\_

3. \_\_\_\_\_

басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

4. бизнес сәйкестендіру нөмірі / жеке сәйкестендіру нөмірі

5. электрондық пошта: \_\_\_\_\_

Бағдарламалық қамтылым/электрондық өнеркәсіп өнімдері туралы мәліметтер:

6. \_\_\_\_\_

бағдарламалық қамтылымның/электрондық өнеркәсіп өнімдерінің атауы

8. \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 135 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13349 болып тіркелген) бекітілген ақпараттандыру объектілерін сыныптау қағидаларына (бұдан әрі – сыныптау қағидалары) сәйкес бағдарламалық қамтылым/ электрондық өнеркәсіп өнімі үшін Санат коды (кодтары).

9. \_\_\_\_\_

бағдарламалық қамтылымның ТЖҚ БНА коды (кодтары) (бағдарламалық қамтылымды жеткізу нұсқаларын көрсете отырып: тауар түрінде және/немесе ақпараттық-коммуникациялық қызмет түрінде)/ электрондық өнеркәсіп өнімі

10. \_\_\_\_\_

бағдарламалық өнім әзірленген платформаның сипаттамасы (егер бағдарламалық қамтылым тәуелсіз болмаса).

11. \_\_\_\_\_

(электрондық қолы) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (заңды тұлғалар үшін: заңды тұлғаның атауы және сенімхат негізінде әрекет ететін заңды тұлға басшысының немесе өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (сенімхаттың нөмірі және берілген күні)

Қосымша 5  
Сенім білдірілген  
бағдарламалық қамтылым мен  
электрондық өнеркәсіп

өнімдерінің тізілімін  
қалыптастыру және жүргізу  
қағидаларына, сондай-ақ  
бағдарламалық қамтылым және  
электрондық өнеркәсіп  
өнімдерін сенім білдірілген  
бағдарламалық қамтылым  
мен электрондық өнеркәсіп  
өнімдерінің тізіліміне енгізу  
жөніндегі өлшемшарттарға

**Сенім білдірілген бағдарламалық қамтылым және электрондық өнеркәсіп өнімдерін сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымның және электрондық өнеркәсіп өнімінің тізілімінен алып тастау туралы өтініш**

\_\_\_\_\_ (тізілімнен шығарылатын тізілімдік жазбаның атауы мен мазмұны)

\* Ескертпе: әрбір бағдарламалық қамтылым (электрондық өнеркәсіп өнімі) бойынша жеке өтініш беріледі \_\_\_\_\_

— Тізілімнен шығару себебі

\_\_\_\_\_ байланыс телефон нөмірлері

Қосымша 6  
Сенім білдірілген  
бағдарламалық қамтылым мен  
электрондық өнеркәсіп  
өнімдерінің тізілімін  
қалыптастыру және жүргізу  
қағидаларына, сондай-ақ  
бағдарламалық қамтылым және  
электрондық өнеркәсіп  
өнімдерін сенім білдірілген  
бағдарламалық қамтылым мен  
электрондық өнеркәсіп  
өнімдерінің тізіліміне  
енгізу жөніндегі  
өлшемшарттарға

Нысан

[[Мемлекеттік тілдегі уәкілетті  
органның (бұдан әрі – УО)  
атауы]



УО-ның мемлекеттік тілдегі  
деректемелері  
[УО атауы (орыс тілінде)] УО  
деректемелері орыс тілінде

		[Ұйымның атауы, заңды мекенжайы, БСН/ЖСН]
Нөмірі: [құжат нөмірі] [Берілген күні]		
<p>Көрсетілетін қызметті берушінің бланкі</p> <p>Дәлелді бас тарту</p> <p>[Көрсетілетін қызметті берушінің атауы] Сіздің өтінішіңізді [өтінім күні] жылғы</p> <p>№ [кіріс құжаттың нөмірі] қарағаннан кейін мынаны хабарлайды.</p> <p>[Бас тарту себебі]</p>		
[Қол қоюшы лауазымы]		[Қол қоюшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)]

Қосымша 7  
 Сенім білдірілген  
 бағдарламалық қамтылым мен  
 электрондық өнеркәсіп  
 өнімдерінің тізілімін  
 қалыптастыру және жүргізу  
 қағидаларына, сондай-ақ  
 бағдарламалық қамтылым және  
 электрондық өнеркәсіп  
 өнімдерін сенім білдірілген  
 бағдарламалық қамтылым мен  
 электрондық өнеркәсіп  
 өнімдерінің тізіліміне  
 енгізу жөніндегі  
 өлшемшарттарға

Форма		
[Мемлекеттік тілдегі уәкілетті органның (бұдан әрі – УО) атауы]		УО-ның мемлекеттік тілдегі деректемелері [ББ атауы (орыс тілінде)]
		[Ұйымның атауы, заңды мекенжайы, БСН/ЖСН]
Нөмірі: [құжат нөмірі] [Берілген күні]		
<p>Көрсетілетін қызметті берушінің бланкі</p> <p>Хабарлама</p> <p>бағдарламалық қамтамасыз етуді (электрондық өнеркәсіп өнімін) сенімді бағдарламалық қамтамасыз ету және электрондық өнеркәсіп өнімі тізіліміне енгізу туралы</p> <p>№ _____ күні "___" _____ 20__ жыл</p> <p>Осы хабарлама берілді _____</p> <p>_____</p>		

(Заңды тұлғаның атауы/жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және (бағдарламалық қамтамасыз етудің немесе электрондық өнеркәсіп өнімінің толық атауы)

(хабарлама берген мемлекеттік органның атауы)

БСН \_\_\_\_\_

ТЖҚ БНА \_\_\_\_\_

[Қол қоюшы лауазымы]

[Қол қоюшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)]

[Должность  
подписывающего]

[Фамилия, имя, отчество (при его  
наличии) подписывающего]

Ескерту:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ТЖҚ БНА – тауар, жұмыс және қызмет көрсетудің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы.

Қосымша 8

Сенім білдірілген

бағдарламалық қамтылым мен

электрондық өнеркәсіп

өнімдерінің тізілімін

қалыптастыру және жүргізу

қағидаларына, сондай-ақ

бағдарламалық қамтылым және

электрондық өнеркәсіп

өнімдерін сенім білдірілген

бағдарламалық қамтылым мен

электрондық өнеркәсіп

өнімдерінің тізіліміне енгізу

жөніндегі өлшемшарттарға

Форма

[Мемлекеттік тілдегі уәкілетті  
органның (бұдан әрі – УО)  
атауы] УО-ның мемлекеттік  
тілдегі деректемелері



[УО атауы (орыс тілінде)] УО  
деректемелері орыс тілінде

[Ұйымның атауы, заңды  
мекенжайы, БСН/ЖСН]

Нөмірі: [құжат нөмірі] [Берілген  
күні]

Хабарлама

Бағдарламалық қамтылымды (электрондық өнеркәсіп өнімін) сенім білдірілген бағдарламалық қамтылым және электрондық өнеркәсіп өнімі тізілімінен алып тастау туралы

№ \_\_\_\_\_ күні "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

(Заңды тұлғаның атауы/жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және (бағдарламалық қамтамасыз етудің немесе электрондық өнеркәсіп өнімінің толық атауы)

Бағдарламалық қамтылымды (электрондық өнеркәсіп өнімін) сенім білдірілген бағдарламалық қамтылым және электрондық өнеркәсіп өнімі тізілімінен алып тастау себебін көрсету

(хабарлама берген мемлекеттік органның атауы)

[Қол қоюшы лауазымы]

[Қол қоюшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)]

#### Қосымша 9

Сенім білдірілген  
бағдарламалық қамтылым мен  
электрондық өнеркәсіп  
өнімдерінің тізілімін  
қалыптастыру және жүргізу  
қағидаларына, сондай-ақ  
бағдарламалық қамтылым  
және электрондық өнеркәсіп  
өнімдерін сенім білдірілген  
бағдарламалық қамтылым мен  
электрондық өнеркәсіп  
өнімдерінің тізіліміне енгізу  
жөніндегі өлшемшарттарға

Форма

[УО мемлекеттік тілдегі атауы] УО мемлекеттік тілдегі деректемелері		[УО мемлекеттік тілдегі атауы] УО мемлекеттік тілдегі деректемелері
		[Ұйымның атауы, заңды мекен-жайы, БСН/ЖСН]
Нөмірі: [құжат нөмірі] [Берілген күні]		

Сенім білдірілген бағдарламалық қамтылым (электрондық өнеркәсіп өнімдері) тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы

Хабарлама

№ \_\_\_\_\_ күні " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Осы хабарлама

(Заңды тұлғаның атауы / жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және (бағдарламалық қамтылым немесе электрондық өнеркәсіп өнімінің толық атауы)

(хабарламаны берген мемлекеттік органның атауы) берілді

[Қол қоюшының лауазымы] [Қол қоюшының (Т. А. Ә. (бар болса)]

#### Қосымша 10

Сенім білдірілген  
бағдарламалық қамтылым мен

электрондық өнеркәсіп  
өнімдерінің тізілімін  
қалыптастыру және жүргізу  
қағидаларына, сондай-ақ  
бағдарламалық қамтылым және  
электрондық өнеркәсіп  
өнімдерін сенім білдірілген  
бағдарламалық қамтылым  
мен электрондық өнеркәсіп  
өнімдерінің тізіліміне енгізу  
жөніндегі өлшемшарттарға

Нысан

**Электрондық өнеркәсіп өнімдері үшін-бағдарламалық қамтылым / сервистік орталық үшін-техникалық қолдау қызметінің болуы туралы мәліметтер**

№	Қазақстан Республикасының аумағында орналастырудың нақты мекенжайы	Байланыс деректері (телефон нөмірі және электрондық пошта)

Қосымша 11  
Сенім білдірілген  
бағдарламалық қамтылым мен  
электрондық өнеркәсіп  
өнімдерінің тізілімін  
қалыптастыру және жүргізу  
қағидаларына, сондай-ақ  
бағдарламалық қамтылым және  
электрондық өнеркәсіп  
өнімдерін сенім білдірілген  
бағдарламалық қамтылым мен  
электрондық өнеркәсіп  
өнімдерінің тізіліміне  
енгізу жөніндегі  
өлшемшарттарға

Нысан

**Электрондық өнеркәсіп өнімінің техникалық және пайдалану сипаттамаларының сипаттамасы (ақпарат форматтағы файлдар түрінде қоса беріледі.pdf)**

Электрондық өнеркәсіп өнімінің атауы	
Маркасы мен моделі	
Қысқаша сипаттама	
Техникалық сипаттамалары	
Пайдалану сипаттамалары	

Ескертпе: электрондық өнеркәсіп өнімдерінің үлгілері болған жағдайда, әрбір модель үшін кестені жеке толтыру қажет.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК